21244750512

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 22 мамыр №4712-24-00-2/1536 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Борашева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Маңғыстау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Luxe-Detail» басшысы Салиев Нұрдәулет Сүнетұллаұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1, 267-4 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Маңғыстау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі жауапкер жеке кәсіпкер «Luxe-Detail» басшысы Салиев Нұрдәулет Сүнетұллаұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұлды өндіру туралы талап қоюы–қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Luxe-Detail» басшысы Салиев Нұрдәулет Сүнетұллаұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Luxe-Detail» басшысы Салиев Нұрдәулет Сүнетұллаұлынан мемлекет пайдасына 123 (бір жүз жиырма үш) теңге айыппұл және 1 850 (бір мың сегіз жүз елу) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 25.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.07.2024, судья Борашева А. А., 11.07.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»